

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті магистрлерді екі бағыт бойынша дайындайды: оқу мерзімі 2 жыл - ғылыми-педагогикалық магистратура, оқу мерзімі 1 жыл – бейінді магистратура.

**Магистратураның білім беру бағдарламаларының тізімі:**

Білім беру бағдарламаларының тобы	Кешенді тестілеудің бейіндік пәндері	Шекті балл
М001 Педагогика және психология	Педагогика Психология	75
М003 Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау	Педагогика (бастауыш сыныптар үшін), Бастауыш сыныптарды оқыту әдістемесі	75
М010 Математика педагогтерін даярлау	Математика, Математиканы оқыту әдістемесі	75
М011 Физика педагогтерін даярлау	Жалпы физика, Физиканы оқыту әдістемесі	75
М013 Химия педагогтерін даярлау	Химия, химияны оқыту әдістемесі	75
М014 Биология педагогтерін даярлау	Биология, Биологияны оқыту әдістемесі	75
М012 Информатика педагогтерін даярлау	Бағдарламалау, Информатиканы оқыту әдістемесі	75
М017 Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау	Педагогика, Қазақ тілін оқыту әдістемесі	75
М018 Орыс тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау	Педагогика, Орыс тілін оқыту әдістемесі	75
М019 Шет тілі педагогтерін даярлау	Педагогика, Кәсіптік-бағдарлы шет тілі	75
М072 Менеджмент	Менеджмент, Бизнесі ұйымдастыру	75

М071 Мемлекеттік және жергілікті басқару	Мемлекеттік басқару теориясы, Экономиканы мемлекеттік реттеу	75
М070 Экономика	Бизнес экономикасы, макроэкономика	75
М074 Қаржы, банктік және сақтандыру ісі	Қаржы негіздері, Корпоративтік қаржы	75
М087 Қоршаған ортаны қорғау технологиясы	Геоэкология, Қоршаған ортаның мониторингі	75
М094 Ақпараттық технологиялар	Алгоритмдер және деректер құрылымдары, Мәліметтер қоры	75
М097 Химиялық инженерия және процесстер	Бейорганикалық химия, Жалпы химиялық технология	75
М098 Жылу энергетикасы	Жылу техникасының теориялық негіздері, Қазандық қондырғылар және жылу қозғалтқыштары	75
М103 Механика және металл өңдеу	Ауыспалылық негіздері, машина бөлшектері	75
М110 Теңіз техникасы және технологиялары	Кемелерде қызмет көрсетуді ұйымдастыру негіздері, Теория және кемеңің орналасуы	75
М121 Геология	Жалпы және тарихи геология, Пайдалы қазбалар кен орнының геологиясы	75
М115 Мұнай инженериясы	Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау, Мұнай өндіру технологиясы мен жабдықтары	75

Магистратураға тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (КТ) қорытындысы бойынша ғылыми-педагогикалық бағыт үшін 150 балдық жүйе және бейіндік бағыт үшін 100 балдық жүйе шкаласына сәйкес жүзеге асырылады.

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы (оқу мерзімі 2 жыл) магистратураның білім беру бағдарламаларына түсуші үміткерлер ҮШ блоктан тұратын КТ тапсырады:

1 блок – «Шет тілі бойынша тест». Тыңдау, лексика-грамматика, оқу секциялардан тұрады;

2 блок – «Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест». сыни ойлау (қарапайым математика, ақпараттың әртүрлі формаларын түсіндіру), аналитикалық ойлау (академиялық және ғылыми-көпшілік мәтіндерді талдау, жасырын заңдылықтарды, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау) секциялардан тұрады;

3 блок – «Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест». Екі бейіндік пәннен тұрады.

Егер ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламаларына түсетін үміткердің шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаты (халықаралық стандарттарға сәйкес) болса, онда ол «Шет тілі» блогын тапсырудан босатылады..

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы (оқу мерзімі 2 жыл) магистратураның білім беру бағдарламаларына ақылы бөлімге түсу үшін және грант конкурсына қатысу үшін КТ шекті балы:

кемінде 75 балл, оның ішінде:

«Шет тілі» блогі бойынша – 25 балдан кем емес;

«Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест» блогі бойынша – 7 балдан кем емес;

«Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест» блогі бойынша – 7 балдан кем емес.

Бейіндік бағыттағы (оқу мерзімі 1 жыл) магистратураның білім беру бағдарламаларына түсуші үміткерлер ЕКІ блоктан тұратын КТ тапсырады: 1 блок – «Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест». сыни ойлау (қарапайым математика, ақпараттың әртүрлі формаларын түсіндіру), аналитикалық ойлау (академиялық және ғылыми-көпшілік мәтіндерді талдау, жасырын заңдылықтарды, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау) секциялардан тұрады;

2 блок – «Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест». Екі бейіндік пәннен тұрады.

Бейіндік бағыттағы (оқу мерзімі 1 жыл) магистратураның білім беру бағдарламаларына ақылы бөлімге түсу үшін КТ шекті балы:

кемінде 50 балл, оның ішінде:

«Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест» блогі бойынша – 7 балдан кем емес;

«Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест» блогі бойынша – 7 балдан кем емес.

Кешенді тестілеуге қатысуға өтініштерді қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының сайтында <https://app.testcenter.kz> келесі мерзімде жүзеге асырылады:

күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 15 шілдесіне дейін;  
күнтізбелік жылдың 1 қарашасынан 18 қарашасына дейін.  
Кешенді тестілеу келесі мерзім ішінде өткізіледі:

күнтізбелік жылдың 20 шілдесінен 10 тамызына дейін;  
күнтізбелік жылдың 19 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін.

Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініштер келесі мерзімде қабылданады:

күнтізбелік жылдың 12-15 тамыз аралығында;  
күнтізбелік жылдың 14-25 желтоқсаны аралығында.

**Магистратураға түсу үшін құжаттар тізімі:**

- 1.Қосымшасы бар жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 2.Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3.3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- 4.075-У нысанындағы медициналық анықтама;
- 5.Бар болған жағдайда шет тілі (ағылшын, неміс, француз) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат;
- 6.Еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);
- 7.Ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).
- 8.Тиісті балл комбинациясы бар кешенді тестілеудің электрондық сертификаты.
- 9.Білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік (болған жағдайда).

*Құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда университеттің қабылдау комиссиясы құжаттарды қабылдамайды*

Шетел азаматтарын ақылы негізде оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде ОБПО қабылдау комиссиялары жүргізген әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады (шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификацияланады).